

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 қазандағы № 33-5 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қарашада № 3350 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 35-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 24.12.2015 № 35-15 шешімімен (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 4 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар бюджет қаражаты есебінен белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Б. Сұлтанов).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXXIII сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Сүлейменов
М. Кенғанов*

